

Ерекше жағдайлар үшін және денсаулыққа және өмірге зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін қосымша ақы төлеу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ күту режимінде болғаны және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарға шығуға тұрақты дайындығы үшін ұстемеақылар төлеу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 36 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 қаңтарда № 18213 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.04.2023 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 12-қосымшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ерекше жағдайлар үшін және денсаулыққа және өмірге зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін қосымша ақы, сондай-ақ күту режимінде болғаны және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарға шығуға тұрақты дайындығы үшін ұстемеақы төлеу қағидалары мен шарттары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.04.2023 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.Р. Беккер) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және

3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасы

Ішкі істер министрі

полиция генерал-полковнигі

K. Қасымов

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2019 жылғы 18 қаңтардағы

№ 36 бүйрығымен

бекітілді

Денсаулық пен өмірге зиян келтіру қаупімен байланысты ерекше жағдайлар үшін және жұмыс үшін қосымша ақы төлеу, сондай-ақ күту режимінде болғаны және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарға шығуға тұрақты дайындығы үшін үстемеақы төлеу қағидалары мен шарттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.04.2023 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ерекше жағдайлар үшін және денсаулыққа және өмірге зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін қосымша ақы, сондай-ақ күту режимінде болғаны және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарға шығуға тұрақты дайындығы үшін үстемеақы төлеу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің 12-қосымшасына сәйкес әзірленді және ерекше жағдайлар үшін және денсаулыққа және өмірге зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін қосымша ақы төлеу тәртібін айқындайды, сондай-ақ күту режимінде болғаны және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарға шығуға тұрақты дайындығы үшін үстемеақылар.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.04.2023 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Осы Қағидалар мыналарға қолданылады:

1) "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің негізгі персоналы климаттық және географиялық жағдайлары қыын, шалғай, биік таулы аймақтарда төтенше жағдайлар туындаған және оларды жою кезінде қоныстануға қарсы, көшкінге қарсы, су тасқынына қарсы және басқа да қорғау іс-шараларын, профилактикалық, авариялық-құтқару және жөндеу-қалпына келтіру іс-шараларын жүргізгені үшін,

сондай-ақ осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген денсаулыққа және өмірге зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін;

2) Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының құтқарушылары, кәсіби медициналық авариялық-құтқару қызметтерінің құтқарушы-санитар лауазымдары санаты бар қызметкерлерге.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.04.2023 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) химиялық ластану аймақтарындағы жұмыс істеу - белгілі бір уақыт ішінде адамдардың өмірі мен денсаулығына, ауыл шаруашылығы малдары мен өсімдіктеріне қауіп төндіретін концентрациядағы немесе мөлшердегі қауіпті химиялық заттар тараған немесе әкелінген аумақта немесе акватория шегінде авариялық құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстары;

2) радиоактивті ластану аймағында жұмыс істеу - шекті рұқсат етілген концентрациядан асатын радиоактивті ластану бар аумақ немесе акватория шегінде авариялық құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстары;

3) биік таулы жерде жұмыс істеу - теңіз деңгейінен 2 000 метрден астам биіктікте жүргізілген авариялық құтқару және кезек күттірмейтін, оның ішінде профилактикалық және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;

4) жолы қыын аудандарда жұмыс істеу - қатты бөлшектелген бедермен жабық жергілікті жерлерде, қалың жынысты орман, қалың бұталы және шалшықтанған (алқап) аумақтарда, өзеннің атырауында, тау шатқалы мен шөлдерде авариялық құтқару және кезек күттірмейтін, оның ішінде профилактикалық және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;

5) құрделі объектілерде жұмыс істеу – қираған және жартылай қираған ғимараттар мен құрылыштарда, жертөлелерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы "Ғимараттар мен құрылыштарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан құрделі объектілерге жатқызуудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы" №165 бұйрығымен белгіленген жауапкершілік деңгейі I (жоғары) объектілерде жүргізілген авариялық-құтқару жұмыстары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10666 тіркелген);

6) арнайы құрал-жабдықтар – альпинисттік құрал-жабдықтар (жеке сақтандыру жүйесі, арнайы арқан, түсіру құрылғысы, карабин), тыныс алу, тері және көру органын жеке қорғау құралдары, құтқару жабдықтары (механикалық, гидравликалық (қол), электр, пневматикалық, мото жетек сайман), көтеру құрылғысы (три нога);

7) өмір үшін аса қатерлі кезде – авариялық құтқару және кезек күттірмейтін, оның ішінде профилактикалық және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде құтқарушының денсаулығына нұқсан және өмір үшін аса қатерлі кезде қандай да бір сыртқы орта факторының, зиянды әсерлердің пайда болу ықтималдығын сипаттайтын қауіптілік шарасы;

8) селге қарсы, сырғымаға қарсы, көшкінге қарсы іс-шаралары – халықтың, объектілердің, инфрақұрылымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сел ағынынан, қар көшкінінен және сырғымадан азаматтық қорғау іс-шаралары және оларға мыналар кіреді:

қауіпті табиғи құбылыстарға мониторинг (қауіпті дүлей табиғи құбылыстарды бақылау және құлақтандыру қызметін ұйымдастыру (тұрақты және маусымдық гидрометеорологиялық бекеттер, желілік бағыттар));

сел-, көшкін-, сырғыма қауіпті участкерге жерүсті және аэрокөзбен шолу тексерулер жүргізу (қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың қатері мен туындаудың белгілеу мақсатында), сондай-ақ теңіз және мұзды көлдерге тексерулер, шолып байқау жұмыстарын жүргізу;

таулы беткейлердің, биікті таулы мұздақ және мұзды көлдердің қауіптілігін азайту бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізу, қар көшкіндерін күштеп түсіру бойынша жұмыстарды орындау;

көшкіннен және селден қорғайтын құрылыстарға тексерулер жүргізу (техникалық және пайдалану әзірлігі мәніне);

қауіпті табиғи құбылыстардан (сел ағындары, қар көшкіндері, сырғыма процестері) инженерлік қорғаныш құрылыстарын салу және пайдалану.

2-тарау. "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің негізгі персоналына сел тасқындарына қарсы, көшкіндерге қарсы, су тасқындарына қарсы және басқа да қорғау іс-шараларын, сондай-ақ жолы қын, шалғайдағы, климаты мен географиялық жағдайы курделі биік таулы аймақтарда төтенше жағдайлар туындағанда және оларды жою кезіндегі профилактикалық, авариялық-құтқару және жөндеу-қалпына келтіру іс-шараларын жүргізген ерекше енбек жағдайлары үшін қосымша ақы төлеу

1-параграф. "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің негізгі персоналына қосымша ақы төлеу тәртібі

4. "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) негізгі персоналдарының жүргізген әрбір сел тасқындарына қарсы, көшкіндерге қарсы, су

тасқындарына қарсы және басқа да қорғау іс-шараларын, сондай-ақ профилактикалық, авариялық-құтқару және жөндеу-қалпына келтіру іс-шаралары бойынша ерекше еңбек жағдайларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес қосымша ақыны көздейтін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атқарылған жұмыстар актілері ресімделеді.

5. Атқарылған жұмыстар актісін мекеменің авариялық-механикаландырылған және көзбен шолу тобының басшысы, жұмыс орнына келуімен бір данада жасайды және мекеме басшысының сел тасқындарына қарсы, көшкіндерге қарсы, су тасқындарына қарсы іс-шараларын, сондай-ақ сел-, сырғыма-, көшкін қауіпті объектілердегі салдарды жою бойынша жұмыстарды жүргізуге жетекшілік ететін орынбасарына (жоқ болған жағдайда, оны алмастыруши тұлға) келісуге беріледі.

6. Сел тасқындарына қарсы, көшкіндерге қарсы, су тасқындарына қарсы іс-шараларын, сондай-ақ сел-, сырғыма-, көшкін қауіпті объектілердегі салдарды жою бойынша жұмыстарды жүргізуге жетекшілік ететін мекеме басшысының орынбасары атқарылған жұмыстардың келісілген актісін мекеме басшысына (жоқ болған жағдайда, оны алмастыруши тұлға) ресімделуінің дұрыстығын тексереді.

7. Салыстыру нәтижесі бойынша екі тәулік ішінде сел тасқындарына қарсы, көшкіндерге қарсы, су тасқындарына қарсы іс-шараларын, сондай-ақ сел-, сырғыма-, көшкін қауіпті объектілердегі салдарды жою бойынша жұмыстарды жүргізуге жетекшілік ететін мекеме басшысының орынбасары атқарылған жұмыстардың келісілген актісін мекеме басшысына (жоқ болған жағдайда, оны алмастыруши тұлға) бекітуге енгізеді.

8. Атқарылған жұмыстардың бекітілген актісі өткен айдың қорытындысы бойынша қосымша ақы төлеуге бұйрықты ресімдеу үшін мекеменің кадр қызметіне жолданады және келесі айдың 5 күніне дейін төлемақыны жүзеге асыру үшін мекеменің қаржы қызметіне беріледі (айна бір рет жүргізіледі).

9. Сел тасқындарына қарсы, көшкіндерге қарсы, су тасқындарына қарсы іс-шараларын, сондай-ақ сел-, сырғыма-, көшкін қауіпті объектілердегі салдарды жою бойынша жұмыстарды жүргізу уақытында мекеменің негізгі персоналдың қауіпсіздік техникасы талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайда қосымша ақы төленбейді.

2-параграф. "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің негізгі персоналына қосымша ақы төлеу шарттары

10. Мекеменің негізгі персоналына қосымша ақы:

1) сел тасқындарына қарсы, көшкіндерге қарсы, су тасқындарына қарсы және басқа да жолы қыын, шалғайдағы, климаты (жиі жауын-шашын, қатты жел, ультракүлгін сәуле әсері, оттектің жетіспеуі) мен географиялық жағдайы күрделі биік таулы

аймақтарда, сондай-ақ өмір үшін аса қатерлі кезде профилактикалық қорғау іс-шараларын жүргізу кезінде;

2) сел, сырғыма, көшкін қауіпті объектілердегі салдарларын (сел шығарындылары, үйемелеу, сырғыма (құлама) және жолы қыын, шалғайдағы, климаты (жіңі жауын-шашын, қатты жел, ультракулгін сәуле әсері, оттектің жетіспеуі) мен географиялық жағдайы курделі биік таулы аймақтарда, сондай-ақ өмір үшін аса қатерлі кезде салдарларын жою бойынша жұмыстарын жүргізу кезінде;

3) сел тасқындарына қарсы, көшкіндерге қарсы, су тасқындарына қарсы және басқа да профилактикалық қорғау іс-шараларын, сондай-ақ қауіпті жабайы жыртқыш аңдар болған жерлердегі (тікелей жұмыстарды жүргізу орындарында) сел, сырғыма, көшкін қауіпті объектілердегі салдарларды жою бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде;

4) мекеменің (мекеме филиалы) негізгі персоналдының және авариялық-механикаландырылған бригадалардың (куту және ден қоюға тұрақты әзірлік режимінде болған) тәулік бойғы кезекшілігін ұйымдастыру кезінде белгіленеді.

3-параграф. "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің негізгі персоналдының лауазымдар тізбесі

11. Қосымша ақы, осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген жұмыстарды жүргізу кезінде мынадай лауазымдарға:

мекеменің басшысына және басшы орынбасарларына;

филиал басшысына және басшы орынбасарларына;

төтенше жағдайлардың алдын алу және қорғаныш құрылыштарын пайдалану, кезекшілік қызметі, мониторинг және құлақтандыру, құрылыш, техникалық қызмет, тылдық қамтамасыз ету бөлімдерінің басшыларына және басшы орынбасарларына;

өндірістік-пайдалану бөлімдері мен бөлімшелердің басшыларына және орынбасарларына;

бас инженер-гидрологқа, бас гидротехникке, бас инженер-жарушыға, бас инженер-гидрогеологқа, пайдалану бойынша бас инженерге, бас инженер-метеорологқа, қауіпсіздік техникасы бойынша бас инженерге, бас инженер-геодезистке, бас инженер техқадағалаушыға, бас инженер-сметашыға, бас іс өндірушіге, бас байланыс инженерге, бас инженер-бағдарламашыға, бас инженер энергетикке, бас инженерге, бас механикке, инженер-жарушыға, инженер-гидрологқа, инженер-энергетикке, инженер гидротехникке, инженер-құрылышыға, қауіпсіздік техникасы бойынша инженерге, инженер гидрогеологқа, инженер электроникке, байланыс инженеріне, инженер-сметашыға, инженер-механикке, инженерге, инспектор психологқа, диспетчерге, тракторшыға, бульдозершіге, электрикке, жүргізушіге, шеберге, экскаваторшыға, автокраншыға, слесар-жөндеушіге, газ-электр дәнекерлеушіге, маусымдық бақылаушыға, бақылаушыға, селден қорғау құрылыштарына қызмет көрсететін жұмысшыға жүзеге асырылады.

3-тарау. Кәсіптік авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының құтқарушыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы

1-параграф. Кәсіптік авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының құтқарушыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы төлеу үшін атқарылған жұмыстардың актісін ресімдеу тәртібі

12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес қосымша ақыны қөздейтін ерекше еңбек жағдайында жүргізілген әрбір авариялық-құтқару жұмыстары бойынша осы Кағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша атқарылған жұмыс актісі ресімделеді.

13. Атқарылған жұмыс актісін барған топтың жетекшісі бір данада жасайды, бөлімшеге келген соң жедел жұмысқа жетекшілік ететін жасақ басшысының орынбасарына (ол болмаған жағдайда оның алмастыратын тұлғаға) келісуге ұсынылады.

14. Жедел жұмысқа жетекшілік ететін жасақ басшысының орынбасары атқарылған жұмыс актісінің дұрыс ресімделгендігін тексереді, кезекшілік журналы мен сұңғуірлер журналын, радиоалмасу мәліметтерімен (желі болмаған жағдайда спутниктік немесе мобильдік байланыс арқылы) салыстырып тексереді.

15. Салыстырып тексеру нәтижесі бойынша жедел жұмысқа жетекшілік ететін жасақ басшысының орынбасары екі жұмыс күні ішінде келісілген жүргізілген жұмыс актісін бекітуге жасақ басшысына (ол болмаған жағдайда оның орнын басатын тұлғаға) енгізеді.

16. Атқарылған жұмыстардың бекітілген актісі кадр қызметіне өткен айдың қорытындысы бойынша қосымша ақы төлеуге бұйрық ресімдеу үшін жолданады және келесі айдың 5-не дейін төлемді жүзеге асыру үшін қаржы қызметіне беріледі.

17. Құтқарушылар авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын бұзы фактілері анықталған жағдайда қосымша ақы төленбейді.

2. Параграф. Кәсіптік –құтақару қызметтері мен құралымдарының құтқарушыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы төлеу шарттары

18. № 1 қосымша ақы "Химиялық, радиациялық ластану аймақтарында, биік таулы және жолы қыын аудандарда, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюда, арнайы жабдықтарды қолданумен байланысты күрделі объектілерде, тікүшақ

техникасымен десант тұсіру, өмір үшін аса қатерлі кезде шұғыл және жедел авариялық-құтқару, іздестіру-құтқару жұмыстарын тікелей жүргізу кезінде" (бұдан әрі- № 1 қосымша ақы):

1) химиялық, радиациялық ластану аймақтарында, биік таулы және жолы қыын аудандарда, арнайы құрал-жабдықтарды қолданумен байланысты күрделі обьектілерде, тікүшашақ техникасымен десант тұсіру, өмір үшін аса қатерлі кезде авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарын жүргізу кезінде;

2) су тасқыны кезеңінде бөгендерді бұзып өту қаупі бар жерлерде авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезінде (су қорларын пайдалану және күзету, сүмен жабдықтау және су бұру саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің растауымен ақпараттың болуы кезінде);

3) сен җүру уақытында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу кезінде (тек адамдарды құтқару және мұз кептелістері мен сенің тоқтауларын жою кезінде);

4) күрделі климат жағдайларында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезінде (дауыл, секундына жылдамдығы 20 метр күшті жел, диаметрі 2 сантиметрден кем емес бұршақ, "Қазгидромет" РМК интернет ресурсында мәліметтің болуы кезінде);

5) қауіпті жабайы жыртқыш андар және улы бауырымен жорғалаушылар, жәндіктер болатын жерлерде авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу кезінде (тікелей авариялық – құтқару жұмыстарын жүргізу орнында) кезінде белгіленеді.

19. № 2 қосымша ақы "Жоғары (плюс 30 градус және одан жоғары) немесе төмен (минус 20 градус және одан төмен (боран, бұрқасын) температура кезінде жұмыс істегені үшін" (бұдан әрі- №2 қосымша ақы):

1) жоғары (плюс 30 градус және одан жоғары) немесе төмен (минус 20 градус және одан төмен (боран, бұрқасын) температура байқалған төтенше жағдай туындаған жерде (қоршаған орта, үй-жай) авариялық-құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарын, бұл ретте құтқару жұмыстары арнайы құраол-жабдықтарын қолданумен жүргізу кезінде;

2) қоршаған ортада тікелей 2 сағаттан аса су айдындарында патрульдеулер және мұнда рейдтер бойынша іс-шараларын жүргізу (тұсіндіру жұмыстарын жүргізу) кезінде белгіленеді.

Атқарылған жұмыстар актісіне міндетті түрде жұмыс жүргізу аумағындағы температура режимдері туралы "Қазгидромет" РМК интернет-ресурсының мәліметі қоса ұсынылады.

20. Химиялық, радиациялық ластану аймақтарында, биік таулы және жолы қыын аудандарда, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюда, арнайы жабдықтарды қолданумен байланысты күрделі обьектілерде, тікүшашақ техникасымен десант тұсіру, өмір үшін аса қатерлі кезде шұғыл және жедел авариялық-құтқару,

іздестіру-құтқару жұмыстарын тікелей жүргізу кезінде, күрделі ауа-райы факторлары жоғары (плюс 30 градус және одан жоғары) немесе төмен (минус 20 градус және одан төмен (боран, бұрқасын) температура болған кезінде өмірге қатерлі қысылтаяң жағдайдағы жұмыстың әр сағаты үшін сағаттық мөлшерлемеден 300 % № 1 қосымша ақы белгіленеді.

21. № 3 қосымша ақы "Су астындағы авариялық-құтқару және жедел жұмыстарды тікелей жүргізу кезінде" (бұдан әрі- № 3 қосымша ақы) сұнгуір құрал-жабдықтарын пайдаланумен (тыныс алу аппараты, гидрокостюм, дабыл және тұсу желі) су астында сұнгуірлік-іздестіру жұмыстарын жүргізу (су астына тұсу) кезінде белгіленеді.

22. № 3 қосымша ақы оку-жаттығу, жаттығу, біліктілік және экспериментальді су астына тұсу кезінде жүзеге асырылмайды.

23. № 2 қосымша ақы (жоғары температура) белгілеу кезінде қолданылатын факторлардың болуы кезінде қосымша ақы төлеу № 3 қосымша ақыда белгіленген (су астындағы жұмыстың әр сағаты үшін сағаттық мөлшерлемеден 100 %) мөлшерде ғана жүзеге асырылады.

24. № 4 қосымша ақы "Мәйіттермен және мәйіттердің фрагменттерімен үнемі жұмыс істегендіктен психоэмоциялық жүктемесі үшін" авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу барысында қаза болғандардың мәйіттерімен тікелей байланыста болуы, тасымалдау, көтеру және олардың бөлшектерін жинау кезінде белгіленеді және айна бір рет БЛА-дан 100 % жүргізіледі.

4-тaraу. Кәсіптік авариялық-құтқару қызметтері және құралымдары құтқарушыларына күту және авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарға аттануға үдайы әзірлік режимінде болғаны үшін үстемеақы

25. Күту және авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарға аттануға үдайы әзірлік режимінде болғаны үшін құтқарушыга күту және үдайы әзірлік режиміндегі кезекшіліктің әр сағаты үшін сағаттық мөлшерлемеден 25 % үстемеақы төлеу.

26. Күту және үдайы әзірлік режимінде құтқарушылардың кезекшілік ету уақыты кезекшіліктің әрбір сағатына сағаттың төрттен бірі мөлшерінде ескеріледі, мынадай нысан бойынша:

Сам x Кркс x 25%, мұнда Сам – құтқарушының сағаттық ақы мөлшерлемесі, Кркс - күту және үдайы әзірлік режиміндегі кезекшілік сағатының саны. Кркс = (Ксс)/4, мұнда Ксс- бір айға кезекшілік сағаты саны.

27. Үстемеақыны есептеу "Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндеттін атқарушының 2011 жылғы 2 тамызыдағы № 390 бұйрығымен бекітілген (

нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7126 тіркелген) нысан бойынша жасақ басшысы бекіткен жұмыс істеу уақыты есебі табеліне сәйкес ай сайын жүргізіледі.

28. Авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу уақытында жұмыс режимі және кәсіптік авариялық-құтқару қызметтері және құралымдары құтқарушыларының жұмыс ауысымы ұзақтығы төтенше жағдайда қызығынан сипаты, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері, санитарлық қағида және гигиеналық нормативтерті есепке ала отырып, төтенше жағдайларды жою басшысы белгілейді.

29. Жұмыстан тыс уақытта құтқарушыларды жұмысқа тарту кезінде нақты пысықталған сағат жұмыс уақыты табеліне енгізіледі және бұл сағатқа үстемеақы төлеу жүргізілмейді.

30. Еңбек демалысындағыларға, уақытша жұмысқа жарамсыз парағы барларға, іссапардағыларға, оқудағы және оқту-жаттығу жиындарындағы құтқарушыларға үстемеақы төлеу жүргізілмейді.

5 тарау. Құтқарушылардың және құтқарушының функцияларын орындастырын басқа да қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін қосымша ақы

Ескерту. 5-тараумен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.04.2023 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-Параграф. Құтқарушылардың және құтқарушының функцияларын орындастырын басқа да қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін қосымша ақы төлеу тәртібі

31. Денсаулық пен өмірге зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін қосымша ақы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының құтқарушыларына, "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің негізгі персоналyna, кәсіби медициналық авариялық-құтқару қызметтерінің құтқарушы-санитар лауазымдары санатындағы қызметкерлерге төленеді.

32. Қосымша ақы төлеу кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының құтқарушыларына және демалыстағы және еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңіндегі "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің негізгі персоналyna жүзеге асырылмайды.

2-Параграф. Құтқарушылардың және құтқарушының функцияларын орындастырын басқа да қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін қосымша ақы төлеу шарттары

33. Денсаулық пен өмірге зиян келтіру қаупімен байланысты жұмыс үшін қосымша ақыны есептеу "Мемлекеттік мекемелерге арналған бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндеттін атқарушының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша жасақ басшысы бекіткен жұмыс уақытын есепке алу табеліне сәйкес ай сайын жүргізіледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7126 болып тіркелген).

34. Құтқарушыларды жұмыс уақытында жұмысқа тартқан кезде нақты жұмыс істеген сағаттар жұмыс уақытының табеліне енгізіледі және осы сағаттар үшін қосымша ақы төлеу жүргізіледі.

Авариялық-құтқару жұмыстары
мен кезек күттірмейтін
жұмыстарға аттануга ұдайы
әзірлік режимінде болғаны және
ерекше еңбек жағдайлары үшін
қосымша ақылар және
үстемеақылар төлеу
қағидаларына
№ 1 қосымша
"Бекітемін"
мекеме басшысы

Тегі, аты, әкесінің аты (болған
жағдайда) (бұдан – әрі Т.А.Ә.)
20__ ж. "___"

Мемлекеттік мекеме (атауы) Жүргізілген жұмыстар АКТІСІ

Жұмыстың басталған уақыты мен күні: _____

Жұмыстың аяқталған уақыты мен күні: _____

Жұмыс жүргізілген орын (облыс, аудан, өзен бассейні, бағыты):

Жұмыс түрі: _____

(қысқаша сипаттама): _____

Жұмыстарды жүргізуге негіз: _____

Топ, бригада құрамы:

Лауазымы, Т.А.Ә.:

1) _____

2) _____

3) _____

Көлік қуралы, мемлекеттік нөмірі, жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты:

1) _____

2) _____

3) _____

Жүргізді (жұмыс түрі): _____

Аяқ райы жағдайы: _____

Қосымша ақпарат: _____

Қолданылды: саймандар, жабдықтар, қурал-жабдықтар:

Жүргізілген жұмыс нәтижлері:

Жұмышылармен қауіпсіздік техникасының бұзылуы туралы мәлімет
Қауіпсіздік техникасын бұзған қызметкердің Т.А.Ә., бұзу туралы мәлімет:

Қосымша: _____ паракта

Қолы:

1. Топ, бригада басшысы:

Т.А.Ә. _____ қолы

2. Топ, бригада мүшелері:

Т.А.Ә. _____ қолы

Т.А.Ә. _____ қолы

Т.А.Ә. _____ қолы

Т.А.Ә. _____ қолы

Келісілді

Мекеме басшысының орынбасары

Т.А.Ә. _____ қолы

Авариялық-құтқару жұмыстары
мен кезек күттірмейтін
жұмыстарға аттануға үдайы
әзірлік режимінде болғаны және
ерекше еңбек жағдайлары үшін
қосымша ақылар және
үстемеақылар төлеу
қағидаларына
№ 2 қосымша

Тегі, аты, әкесінің аты (болған
жағдайда) (бұдан – әрі Т.А.Ә.)
20__ ж."____"

Мемлекеттік мекеме (атауы) Жүргізілген жұмыстар АКТІСІ 20__ ж. "____"

Уақыты: сигнал алу _____ сағ _____ МИН

жұмыстың басталуы _____ сағ _____ МИН

жұмыстың аяқталуы _____ сағ _____ МИН

хабарлама кімнен алынды_____

(Т.А.Ә.)

мекенжайы

(аудан)_____

жұмыс

түрі _____

төтенше жағдайдың

сипаты _____

(жағдайдың қысқаша

сипаттамасы)_____

Өтініш берушінің қолы (мұддесіне жұмыс жүргізілетін тұлға)

(лауазымы) (Т.А.Ә.) (қолы)
Шығуға
рұқсат _____ алынды
Құтқарушылар ТЖ жоюға аттанды:

(мемлекеттік нөмірін көрсетумен көлік қуралы)
жүргізуши _____

Жұмыс барысында: құтқарылды _____ адам оның ішінде балалар _____
Қаза болғандар мәйіттері табылды (шығарылды) _____ адам оның ішінде балалар _____

Медициналық көмек көрсетілді _____ адам оның ішінде балалар _____
Төтенше жағдай аймағынан эвакуацияланды _____ адам оның ішінде балалар _____

Автомобильдер босатылды _____ бірлік. Жұмыстар жүргізілді

Қурал-саймандармен жұмыс істеу уақыты

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысының 12-қосымшасына сәйкес, қосымша ақы көзделетін жүргізілген авариялық-құтқару жұмыстары туралы деректерді толтыру үшін мәлімет Химиялық, радиациялық ластану аймақтарында, биік таулы және жолы қиын

аудандарда, арнайы құрал-жабдықтарды қолданумен байланысты қүрделі обьектілерде, тікүшақ техникасымен десант тұсіру, өмір үшін аса қатерлі кезде авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарын жүргізу туралы мәлімет

Жұмыс істегендердің Т.А.Ә.

Су тасқыны кезеңінде бөгендерді бұзып өту қаупі бар жерлерде жүргізілген авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар туралы мәлімет

Жұмыс істегендердің Т.А.Ә.

Сен жүру уақытында жүргізілген авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар туралы мәлімет

Жұмыс істегендердің Т.А.Ә.

Күрделі климат жағдайында жүргізілген авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар туралы мәлімет

Жұмыс істегендердің Т.А.Ә.

Қауіпті жабайы жыртқыш андар және улы бауырымен жорғалаушылар, жәндіктер болатын жерлерде жүргізілген авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар туралы мәлімет

Жұмыс істегендердің Т.А.Ә.

Жоғары (плюс 30 градус және одан жоғары) немесе төмен (минус 20 градус және одан төмен (боран, бүрқасын) температура байқалатын төтенше жағдайлар туындаған жерде жүргізілген авариялық-құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстары туралы мәлімет, бұл ретте құтқару жұмыстары арнайы құрал-жабдықтарын қолданумен жүргізілген

Ауа температурасы _____

Жұмыс істегендердің Т.А.Ә.

Су астында жүргізілген авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу туралы мәлімет (су астында жұмыс істеу уақыты, ауа температурасы, теренждігі) Жұмыс істегендердің

Т.А.Ә. _____

Қаза болғандардың мәйітімен жұмыс істеуге байланысты жүргізілген авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар туралы мәлімет (қаза болғандардың мәйіттерімен және бөлшектерімен тұрақты жұмыс істеуге байланысты психоэмоциялық жүктелуіне) _____

Қаза болғандардың мәйіттерімен жұмыс істеу уақыты

Жұмыс істеушілердің Т.А.Ә.

Құтқарушылардың қауіпсіздік техникасын бұзу туралы мәлімет

Қауіпсіздік техникасын бұзған қызметкердің Т.А.Ә.

Күтқаруышы тобының жетекшісі

(қолы, Т.А.Ә.)

Мекеме басшысының орынбасары

(қолы, Т.А.Ә.)

Авариялық-күтқару жұмыстарына шыққан күтқарушыларды актімен таныстыру

Т.А.Ә. _____ қолы _____ күні

Т.А.Ә. _____ қолы _____ күні

Т.А.Ә

Т.А.Ә. _____ қолы _____ күні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК